

**"Б" корпусындағы Мақтаарал аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Мақтаарал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 шілдедегі № 46-291-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 1 қазандағы № 47-308-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қазанда № 3395 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2016 жылғы 5 ақпандағы № 54-354-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 05.02.2016 № 54-354-V шешімімен.**

«Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы Жарлығының 27-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 86 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесінің 2-тармағына сәйкес, Мақтаарал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мақтаарал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 шілдедегі № 46-291-V ««Б» корпусындағы Мақтаарал аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3310 тіркелген, 2015 жылғы 28 тамызда «Мақтаарал» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген орыс тіліндегі «Б» корпусындағы Мақтаарал аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесінің 13 тармағына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгертілмейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*сессиясының төрағасы*

*А у д а н д ы қ м ә с л и х а т  
А.Сатыбалдиев*

*хатшысы*

*А у д а н д ы қ*                      *м ә с л и х а т*  
*О.Дәндібаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК